

Қазақстан Республикасының

Әділет Министрлігі
Ұйғыр аудандық Әділет
басқармасы

Занды тұлғага мемлекеттік

тіркеу жүргізілді

2008 ж. « 11 » маусам
БСН 6001400000018

Облыс әкімдігінің 2013 жылғы
« 15 » мамырдағы «Техникалық
және кәсіптік білім беретін оқу
орындарын қайта құру туралы»
№138 қаулысына 9 қосымша



**«Алматы облыстық білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Шонжы политехникалық
колледжі» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҰЙҒЫР АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАНДЫ ТҰЛҒАГА МЕМЛЕКЕТТІК
ТИРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

2008 ж. « 11 » маусам
№ 943-1907-10-ИК күелік

**«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Шонжы политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы жағдай

1. «Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шонжы политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан кейін – кәсіпорын) мемлекеттік мүлікті жедел басқару құқығын иеленуші мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық түріндегі заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынға қатысты коммуналды меншік (кәсіпорын құрылтайшысы) құқығының субъектісі қызметін Алматы облысы әкімдігі атқарады (бұдан кейін-уәкілдепті орган).

3. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органды «Алматы облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан кейін – мемлекеттік басқару органды).

4. Кәсіпорын «Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылындағы № 9 кәсіптік лицейі» мемлекеттік мекемесінің құқықтық иеленуші болып табылады, Алматы облысы әділет басқармасында 2008 жылдың 11 маусымында тіркелген, тіркеу нөмірі № 83-1907-10-ММ, БСН 600140000018, барлық құқық және міндеттерімен.

5. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік кәсіпорын туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» Зандарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік және құқықтық актілерін, осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Кәсіпорын қолданыстағы Заңнамада бекітілген тәртіппен Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен мерзімнен бастап құрылған болып табылады және заңды тұлға құқығын иеленеді.

7. Кәсіпорынның банкте дербес балансы, есептік, валюталық және басқа да есепшоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген дөңгелек мөрі, өз атауымен фирмалық бланкісі, мөртабаны және өз қызметін жүргізуге қажетті басқа да төлсипаттар болады.

8. Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның толық аталуы:

Мемлекеттік тілде: «Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шонжы политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.



Орыс тілінде: Государственное коммунальное казенное предприятие «Чунджинский политехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования Алматинской области».

9.Кәсіпорынның қызмет жасау мерзімі шектелмеген.

10.Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 041800, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, А.Арзиеv көшесі, 120.

2. Кәсіпорынның нысаны, мақсаты, міндеттері мен қызметі

11.Кәсіпорын қызметінің нысаны техникалық және кәсіптік білімді, орта білімнен кейінгі білімді, мандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

12.Кәсіпорынның міндеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес білім беру саласындағы оку-өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын іс-әрекетінің мақсаты;


- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың, ғылым мен тәжірибелің жетістіктерінің негізінде тұлғаның дамуына, кәсіптік қалыптасуына бағытталған сапалы кәсіптік білім алуға қажетті жағдайлар құру;
- кәсіптік білім мен өндірістің оку бағдарламаларын біріктіру;
- әлеуметтік серіктестер және еңбекпен қамту шарттарымен өзара байланысатын кәсіпорын түлектерін жұмыспен қамтитын жаңа модуль құру;
- шетелдік занды және жеке тұлғалардың қатысуымен жәрменкелер, көрмелер, конференциялар ұйымдастыру;
- жұмысшы мамандықтар бойынша оқытын жетім балаларын үш уақыт, әлеуметтік жағдайы тәмен аз қамтылған отбасы бір уақыт тегін тамақпен қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы Заңнамасына сәйкес өз іс-шараларымызды асыру үшін қосымша материалдық және қаржылай табыс көзін қарастыру.

14.Жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі:

Кәсіпорын белгіленген тәртіпке сәйкес мамандықтар бойынша оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің қысқа мерзімде мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, қундізгі, дистанционды, сырттай, кешкі және экстернат бөлімдері негізінде жүзеге асырады. Сондай-ақ нормативтік құжаттарға сәйкес эксперименталды бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген үлгідегі диплом беру арқылы расталады.

3. Оқуға қабылдау және шығару тәртібі

15.Оқуға қабылдау тәртібі техникалық және кәсіптік білім беретін окурындарының типтік қабылдау ережесіне сәйкес жүргізледі. Оқуға Қазақстан



Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және Қазақстан Республикасында тұрақты мекендереген, азаматтығы жок азаматтар заңнамада белгіленген тәртіп бойынша халықаралық көлісім шарттар, сондай-ақ білім беру үйымымен жасалған шарт негізінде қабылданады. 1 маусымнан бастап оқуға қабылдау мәселелерін шешу үшін қабылдау комиссиясы үйымдастырылады.

16.Оқуға қабылдау азаматтардың өтініші бойынша байқау негізінде жүзеге асырылады. Байқау шарты кәсіптік оқу бағдарламаларын менгеруге қабілетті азаматтарды оқуға қабылдауы және білім алу құқығын сақтауға кепіл болуы тиіс.

17.Білім алушыларды аудиторија және қайта қабылдау Қазақстан Республикасы Үкімет Қаулысымен бекітілген аудиторија және қайта қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Білім алушыларды оқудан шығару негізі мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18.Типтік ережеде реттелмеген қабылдаудың мәселелерін кәсіпорынның қабылдау комиссиясы шешеді.

4. Оқу мен тәрбие үрдісін үйымдастыру

19.Кәсіпорын оқу-тәрбие үрдісін үйымдастырудың кадрларды таңдау мен орналастыруды, Қазақстан Республикасының Заңнамасы бекіткен реттеғылыми, қаржы-шаруашылық және басқа да қызметтерде, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім берудің білімділік оқу бағдарламаларын, білім беруді үйымдастырудың типтік ережелерін жүзеге асыруды дербес.

20.Оқу мен тәрбие үрдісін үйымдастырудың негізі оқу мен тәрбие жұмысын жоспарлау және есеп жүргізу болып табылады.

21.Оқу мен тәрбие үрдісін жоспарлау оқу жылында оқу-тәрбие үрдісінің және теориялық, тәжірибелік сабактардың кестесін бекіту жолымен жүзеге асырылады.

22.Оқу-тәрбие үрдісі мен оқу сабактарының кестесін кәсіпорын басшысы бекітеді.

23.Оқу мен тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және өндірістік оқытуудың есеп журналын және оқу сағаттарында оқу бағдарламаларының орындалуы арқылы жүзеге асырылады.

24.Жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары типтік оқу жоспары мен типтік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалады.

25.Білім беру оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес тұлғаның мүмкіндігі мен талабын ескере отырып, білім алуға жағдай жасау үшін оқытуудың келесі түрлері жүзеге асырылады: кундізгі, кешкі, дистанционды, сырттай және экстернат.

ҚАЗАҚСТАН
ФЕДЕРАЦИЯСЫ
ӘДЛЕТ МИНИСТЕРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛАСЫНЫҢ
ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ШІГЫР АУДАНЫНЫҢ
ӘДЛЕТ ВАСКЕРМЕСЫНДА
ТЕКСЕРІЛДІ

Кәсіпорын білікті және жұмысшы мамандарды даярлау және қайта даярлауга бағытталған техникалық және кәсіптік білім берудің мерзімі бойынша әртүрлі бағдарламаларын жүзеге асыра алады.

26. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен білім алушыларға академиялық демалыстар беріледі.

27. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау типтік ережедегі білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауға сәйкес жүзеге асырылады.

28. Тілдерді оқыту Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

29. Оқу жылының басталу және аяқталу уақыты оқу бағдарламаларына сәйкес анықталады.

30. Толық оқу жылының барысында білім алушыларға 2 реттен кем емес, ұзактығы жылына 11 аптадан кем емес, қыс мезгілінде – 2 аптадан кем емес демалыс беріледі.

31. Сабак кестесі оқу үрдісі мен оқу жоспарының кестесіне сәйкес жасалады.

32. Оқу сабактары дәріс, семинар, тәжірибелік, зертханалық, бақылау және өз бетінше жұмыс, кеңес беру, әңгіме, факультативтік, курсық және дипломдық жобалар, жұмыстар және оқу сабактарының басқа түрлері түрінде өткізіледі.

33. Оқу сабактарын білім алушылармен өткізу және ұйымдастыру үшін оқу топтары құрылады.

34. Мамандықтың кәсіби ерекшелігіне байланысты кейір білім алушылармен жеке сабактар өткізіледі.

35. Зертханалық жұмыс, тәжірибе сабактарын өткізгенде, оның ішінде дene шынықтыру және жеке пән сабактарында, шеберханада, өндірістік оқуда (оқу полигондары мен оқу шаруашылықтарында) мамандықтардың күрделілігіне қарай оқу топтары кіші топтарға бөлінеді.

36. Білім алушыларды өндірістік оқыту, оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, полигондарда білім беру ұйымдарының оқу шаруашылығында, келісім негізінде жұмыс берушілер ұсынған оқу орындарында өткізіледі.

37. Өндірістік оқытудың оқу бағдарламаларына сәйкес оқу - өндірістік жұмыстарды орындау тауарлар шығаруды ұйымдастыруды (қызмет көрсету мен жұмыс) қарастырады.

38. Кәсіптік іс-тәжірибені өткізу үшін кәсіпорынның келісімі негізінде, іс-тәжірибеден өту базасы ретінде ұйым анықталады, оның өкілдері іс-тәжірибеден өтудің күнтізбелік кестесін және бағдарламаларын келісіп берітеді.

39. Білім алушыларды іс-тәжірибеден өткізетін база ретіндегі ұйым мен кәсіпорын арасындағы келісім шартта міндеттер

40. Педагогикалық қызметкерлердің саны мен педагогикалық қызметкерлердің лауазымдық тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен техникалық және кәсіптік білім берудің, орта білімнен кейінгі білім берудің, мемлекеттік ұйым қызметкерлерінің типтік штаты мен педагогикалық қызметкерлерінің лауазымдық тізбесі негізінде анықталады.

41. Педагогикалық қызметкерлерді лауазымынан ауыстыру Қазақстан Республикасы заңнамасы бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Ақылы қызмет көрсетудің тәртібі мен тізбесі

42. Кәсіпорында ақылы қызмет көрсету тәртібі мен тізбесі қолданыстағы Заннамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорын келесі ақылы қызмет түрлерін көрсетеді:

- ақылы білім беру қызметі;
- мамандарды қайта даярлау және біліктілігін жоғарылату қызметі;
- лицензияға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беруде мамандарды даярлау қызметі;
- арнайы пәндер мен курстар бойынша қосымша оқыту қызметі;
- әртүрлі мәдени-көпшілік, спорттық шаралар, семинарлар, жиналыстар, кеңестер өткізу, сондай-ақ оку-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және жүзеге асыру қызметі;
- Интернет байланыс қызметін ұсыну және музикалық аспаптарды пайдалануға беру;
- көлік қызметін ұсыну;
- халыққа қызмет көрсету, оның ішінде кәсіпорынның негізгі және оның бөлімшелерінің қызметі шенберінде білім алушылар (студенттер) мен қызметкерлердің күшімен оку-өндірістік шеберханаларында кәсіпорынның өз өнімі өндіріледі. Бұл кәсіпорынға кіріс келтіреді;
- кеңес беру, ақпараттық, маркетингтік, консалтингтік, жарнамалық қызмет, қызметтің белгіленген саласында делдалдық қызметін көрсету;
- кәсіпорынның қызметкери немесе білім алушысы (студенті) болып табылмайтын тұлғаларға кітапханалық қызмет көрсету;
- көшіріп-көбейту қызметін, оку, оку-әдістемелік, ақпараттық-аналитикалық және басқа да материалдарды көбейту, түптеу, қаптау қызметін көрсету;
- шетелдік занды және жеке тұлғалардың қатысуымен жәрменкелер, көрмелер, конференциялар ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайырымдалық шараларын өткізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік ұйымдармен тікелей байланыс орнату;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

Ақылы негізде Мемлекеттік Коммуналдық Қазынашылық кәсіпорнымен ұсынылатын тауар, жұмыс және қызмет үшін бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte бекітілуге жатады.

Ақылы білім беру қызметін жузеге асыруға байланысты Кәсіпорын мен білім алушы, оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынасы білім беру дейгейін, оку мерзімі мен оку ақысын анықтау шартымен реттеледі.

Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік тапсырыс шенберінде каржыландырылатын негізгі білім беру қызметі орнына көрсетіле алмайды.

6. Кәсіпорын мен білім алушылардың және олардың ата-аналары мен заңды өкілдерінің қарым-қатынасын реттеу және рәсімдеу

43.Кәсіпорын мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас кәсіпорын директоры мен білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері арасындағы білім беру қызметін көрсету туралы келісімге сәйкес рәсімделеді.

7. Кәсіпорын мүлкі

44.Кәсіпорын құрамына қызметін атқаруға қажетті мүліктің барлық түрі, жер телімдеріне, гимаратқа, құрылышқа, тұрғын үй қорына, көлікке, құрал-жабдыққа, мәдени-ағартушылық және сауықтыру мүліктеріне, құрал-саймандарға, кәсіпорынды материалдық қамтамасыз етуге қажетті басқа да мүліктерге құқығы кіреді.

45.Кәсіпорын мүлкін негізгі қорлар мен айналымдағы қаржы, сонымен қатар кәсіпорынның дербес балансында бағасы көрсетілген құндылықтар құрайды.

46.Кәсіпорын мүлкі бөлінбейді және салымға (жарна, үлес) таратылмайды, оның сонымен қатар кәсіпорын қызметкерлерінің арасында да.

47.Кәсіпорын мүлкі құралады:

- 1) меншік иесі оралымды басқару құқымен берген мүлік есебінен;
- 2) өзінің қызметі нәтижесінде тапқан мүлкі (акшалай табыстарын қоса) есебінен;

3) Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыыйм салынбаған басқа да деректер арқылы.

48.Кәсіпорынға бекітілген меншік иесі оны алып қоюға немесе өздері құрган басқа заңды тұлғалар арасында бөлуге құқылы егер заңнама актісінде басқаша қаралмаса.

Шаруашылық басқармасында тұрған мүлікті пайдаланудан түскен өнім мен кіріс, сондай-ақ келісім шарт немесе басқа негізді сатып алынған мүліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte кәсіпорынның шаруашылық басқармасына түседі.

Кәсіпорын өздеріне бекітілген негізгі қаражатқа жатпайтын мүлікке шаруашылық басқарма құқығы негізінде иелік етеді.

49. Кәсіпорын жедел басқару құқына бекітілген негізгі қаражатқа жататын сонымен қатар өзіне тиісті акцияларды, мүліктеге байланысты сыйлық жасау келісімі мен сатуға құқығы жоқ.

50. Кәсіпорын бекітілген заңнама тәртібінде коммуналдықтан Республикалық меншікке немесе бір мемлекеттік басқару органынан екіншісіне бағынуда, өзіне тиісті мүлікті жедел басқару құқығын сақтайды.

51. Кәсіпорын сатып алу-сату келісімі негізінде негізгі қаражатқа жататын сыйлық немесе басқа да мүліктік мәмлекеттік басқару органының жазбаша келісімінсіз иеленуге құқығы жоқ.

8. Кәсіпорынды қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

52. Кәсіпорын іс-әрекеті қаржыландырылады:

1) Жарғылық, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс бойынша жасаған іс-әрекеті нәтижесінде алған қаржыдан;

2) ерікті және демеушілік жарналар, сонымен қатар занды тұлғалар мен азаматтардың түрлі көмек беруінен;

3) Заңнамаларда тыйым салынбаған табыс көздерінен.

53. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) арналған бағаларды Кәсіпорынның мемлекеттік тапсырысты орындау есебінен мемлекеттік басқару органының келісімінен бекітіледі.

9. Кәсіпкерлік қызметі

54. Кәсіпорын Жарғыға сәйкес білім беру мен өзге де ақылы қызмет көрсету арқылы кіріс әкелетін қызметтермен айналыса алады.

55. Қызмет көлемі мен жұмыс бағасы қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамаға сәйкес айқындалады.

56. Кәсіпорын шығаратын және өткізетін тауарлар (жұмыс, қызмет) бағасын қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

10. Кәсіпорынды басқару

57. Уәкілдеп орған:

1) Мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша Кәсіпорынның іс-әрекетінің мақсаты мен нысанын анықтайды;

2) Кәсіпорынға мүлікті жедел басқару құқығын береді және алады;

3) Өз шешімімен кәсіпорынды қайта құрады және таратады;

КИРЫМ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТЕКСЕРІЛДІ

4) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес оның құзырлығына енгізілген басқа да міндеттемелерді жүзеге асырады.

58. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органының төмендегідей уәкілеттілігі бар:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын айқындайды;

2) Кәсіпорынның шаруашылық іс-әрекетінің алдағы және ағымдағы жоспарларын қарастырады және бекітеді, сонымен катар жоспарлы қаржылық көрсеткіштерін, мерзімділігі мен олардың тапсыру тәртібін анықтайды;

3) Қаржы-шаруашылық қызметі бакылап жоспарлы көрсеткіштердің орындалуын талдайды, уәкілетті органға тиісті есепті олар белгілеген мерзімдерде ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысымен белгіленген тәртіпте кәсіпорын директорын тағайындауды және босатады, аттестациядан өткізеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және оның тиімді пайдаланылуына бакылау жүргізеді.

59. Занды тұлға ретінде кәсіпорынның басқару органы мемлекеттік басқару органымен тағайындалған кәсіпорынның директоры болып табылады.

60. Мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңнамасына сәйкес еңбек келісім-шартын жасау арқылы кәсіпорын Директорымен қарым-қатынасты рәсімдейді.

61. Кәсіпорын директорына кәсіпорындағы жағдай үшін мемлекеттік басқару органының және уәкілетті органның алдында тікелей жауапкершілік жүктеледі.

62. Директор кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасы заңнамасы және Жарғымен айқындаудың құзыретіне сәйкес шешеді, дербес және дара басшылық принципінде әрекет жасайды.

63. Директор өз құзыретінің шегінде:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етуге;

2) Барлық ұйымдарда кәсіпорын мүддесін ұсынуға;

3) Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгілеген және осы Жарғы шегінде Кәсіпорын мүлкіне иелік етуге;

4) Келісім шарт пен басқада келісімдер жасауға;


5) Сенімхат беруге;

6) Банк шоттарын ашуға;

7) Еңбек заңнамаларына сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және шығарады, оларға марапаттау және жазалау шараларын қолданады;

8) Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне тиісті бүйрықтар мен нұсқаулар шығарады;

9) Кәсіпорын қызметкерлерінің қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында және өзге де біліктілігін арттыру курстарында білім алып, сынақтан өтүі үшін іс-санар жоспарлары мен тәртібін бекітеді;



10) Директордың орынбасарлары мен кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің өкілеттері мен міндеттерін анықтайды;

11) Қазақстан Республикасы заңнамалары және осы Жарғымен жүктелген басқа да міндеттерді орындауды.

11. Ұйымдар құрылымы, ұйымдарды басқаруды қалыптастыру тәртібі, олардың құзырымен ұйымдардың (қайраткерлік) қызмет ету тәртібі

64. Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес кәсіпорынды жалпы басқаруды директор жүзеге асырады.

65. Кәсіпорынның алқалы басқару нысаны – жалпы жиналыстар, колледж кенесі, директорат, қамқорлық кенесі, педагогикалық, әдістемелік кеңестер және т.б.

Білім беру саласындағы орталық атқару органдарымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы әдістемелік кенес, педагогикалық кенес, қамқорлық кеңестерінің қызметін ұйымдастыру туралы ережесіне сәйкес алқалы органдардың қалыптасу тәртібі мен олардың құзыреттілігін Кәсіпорын жүзеге асырады.

66. Кәсіпорында ата-аналар комитеті жұмыс жасайды. Ата-аналар комитетінің құрамы топ санына байланысты айқындалады. Ата-аналар комитетінің өкілеттілігі – бір оқу жылы.

12. Еңбек ұжымымен қарым-қатынас

67. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамаларына сәйкес анықталады.

68. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі қолданыстағы Еңбек заңнамаларының кепіліне сәйкес мемлекеттік басқару органының келісімі бойынша кәсіпорын бекітеді.

69. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек ақы төлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

70. Еңбек ақы нысаны, штат кестесі, лауазымдық еңбек ақы мөлшері, сыйлық беру мен басқа да сыйакы жүйесі мемлекеттік органының еңбек ақы қоры белгілеген мөлшерде кәсіпорын дербес айқындауды. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас есепшінің лауазымдық еңбек ақысы, оларға сыйлық беру мен басқа да сыйакылар қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

13. Кәсіпорынның жауапкершілігі



71. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша билік етуіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорының қалған мүлкін өндіріп алуға осы кәсіпорын таратылғаннан басқа жағдайларда жол берілмейді.

72. Кәсіпорын өз мүлкін иеленушінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

73. Кәсіпорының қаржысы жеткіліксіз болса, оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті уәкілетті орган көтереді.

14. Есепке алу мен есептілік

74. Кәсіпорын мемлекеттік басқару органымен келісіп директор бекіткен, есеп саясатына сәйкес бекітілген бухгалтерлік есеп стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес кәсіпорын өз іс-әрекетінің нәтижесін жүзеге асырады, белгіленген мерзімде мемлекеттік басқару органдарына, қаржы, салық және статистикалық есептер өткізеді және оның дұрыстығына жауапты болады.

15. Халықаралық ынтымақтастық және байланыс қызметі

75. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық келісім шарттар, конвенциялар негізінде өз қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес шетелдік кәсіпорындармен, білім, ғылым, мәдениет үйімдарымен, халықаралық үйімдар және қорлармен байланыс орнатады.

Өкілетті органның рұқсаты бойынша кәсіпорынмен жасалған халықаралық келісім-шартқа сәйкес шетел азаматтарын оқыту, даярлау, кайта даярлау және біліктілігін арттыру, оқытуышылық және шығармашылық қызметі кәсіпорында жүзеге асырылады.

Кәсіпорын мемлекеттік басқару органының келісімімен спорттық іс-шаралардың күнтізбе жоспары негізінде түрлі мемлекеттік және қоғамдық үйімдардың тізбесі бойынша халықаралық іс-шараларға қатысуға құқылы.


76. Кәсіпорын шетел үйімдарымен бірлескен іс-шаралар т.б. өткізу үшін кәсіпорын қызметкерлерінің өкілдерімен және спорттық командалармен алмасуға келісім жасауға құқылы.

77. Кәсіпорын қаражаты және сәйкес жағдайы болса шетел үйімдарын қабылдауды (мемлекеттік басқару органы келісімімен) жүзеге асыра алады.

16. Қайта құру және жою тәртібі

78. Кәсіпорын іс-әрекетін тоқтату және қайта құру (біріктіру, қосу, бөліну, өзгерту) және тарату жолымен іске асады.

79. Кәсіпорынды қайта құру мен тарату уәкілетті орган шешімі бойынша жүргізіледі.



80. Кәсіпорын Азаматтық заңнамаларда қарастырылған басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

81. Таратылған кәсіпорын мүлкі, кредиторлар талабын қанағаттандырғаннан кейін, үекілетті органдармен қайта таратылады.

82. Жойылған Кәсіпорын қаражаты, кәсіпорын мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаржыны қоса, кредиторлар талабын қанағаттандырғаннан кейін, жергілікті бюджеттің кірісіне енгізеді.

83. Мемлекеттік тіркеу регистрына жазу енгізілген уақыттан бастап Кәсіпорынды тарату аяқталған, өз іс-әрекетін тоқтатқан болып есептеледі.

17. Жұмыс кестесі

84. Кәсіпорынның жұмыс істеу уақытын және жұмыс кестесін өкілетті құзырлы органдар белгілейді, ол Қазақстан Республикасының басқа заң актілеріне қайшы келмейді.

18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

85. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті орган шешімімен енгізіледі. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар жарғыға қосымша түрінде немесе Жарғының жаңа редакциясы ретінде ресімделуі мүмкін.

86. Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес тіркелген уақыттан бастап заң күшіне енеді.

